

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» АЙМАҚТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «РЕГИОНАЛЬНЫЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
«ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080011, Тараз қаласы, Қ.Көшекөв көшесі, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

080011, город Тараз, улица К.Кошечкова, 50
тел.: 8 707 234 37 91
E-mail: zhambyl@daryn.kz

№

30

21.01.2026 жыл

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы және «Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты жалпы орта білім беретін мектептердің 7-11 сынып оқушылары арасында қазақ тілінен «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңін өткізетінін хабарлайды.

Олимпиада бес бағыт бойынша өтеді:

1. «Бейнелеушілер» (қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында салу);
2. «Білгірлер бәйгесі» (халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша сайыс);
3. «Жас қаламгер» (жазбаша шығармашылық жұмыс);
4. «Сөз шеберлері» (шешендік өнер, көпшілік алдында белгілі бір тақырыпта сөз сөйлеу, белгілі бір ақынның өлеңін (поэзия) мәнерлеп оқу);
5. «Әнші-бұлбұлдар» (кез келген музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен дәстүрлі немесе эстрадалық жанрда жанды дауыста ән айту).

«Жарқын болашақ» олимпиадасына әр бағыт бойынша **аудандық білім бөлімдерінен және облыстық білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарынан** - қазақ тілді (ұлты қазақ) 1 қатысушы, қазақ тілді емес (өзге ұлт өкілі) 1 қатысушы, **қалалық білім бөлімінен** - қазақ тілді (ұлты қазақ) 2 қатысушы, қазақ тілді емес (өзге ұлт өкілі) 2 қатысушы қатыса алады.

Осыған орай, олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысатын оқушылардың тізімін **2026 жылдың 17 ақпан күніне дейін** sh.baiqau@mail.ru электронды поштасына жіберулеріңізді сұраймыз.

Қосымша: 11 бет (ережесі, өтінім үлгісі)

Өтетін уақыты: 28 ақпан 2026 жыл
тіркеу:сағат 08.30
басталуы: сағат 09:30

Өтетін орны: «Айша бибі атындағы дарынды қыз балаларға арналған мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Сыпатай батыр көшесі №31

Директор



М.Есеналиева

Орынд: М.Самеков (8776 653 8787)
Г.Сегізбаева (8707 507 1174)



**“Жарқын болашақ” республикалық қазақ тілі
олимпиадасын ұйымдастыру мен өткізу ережелері**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы бойынша өткізілетін «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.
2. «Жарқын болашақ» олимпиадасы – «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық қоғамдық қорының (бұдан әрі – Қор) және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) ұйымдастыруымен жыл сайын өткізілетін олимпиада.

II. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері:

3. Олимпиаданың мақсаттары:
 - мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту;
 - қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау;
 - оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту.
4. Олимпиаданың негізгі міндеттері:
 - оқушылардың қазақ халқының тіліне, әдебиетіне, салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру, қазақ халқының тарихын үйреніп, білуге ынталандыру;
 - тұлғаның өз-өзін дамытуына, өзіндік және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруіне жағдай жасау.

III. Ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы

5. Олимпиаданы үйлестіру мен дайындау бойынша істі жүзеге асыру үшін Қор Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамын бекітеді.

6. Республикалық ұйымдастыру комитеті олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізудің жалпы тәртібін анықтайды; және оны өткізуге тікелей басшылық жасайды;
7. Олимпиада қазылар алқасының құрамы тақ саннан (үш адамнан кем емес), төраға, хатшы және мүшелерінен құралады.
8. Қазылар алқасының міндеттері:
 - қатысушылардың жұмысын тексеру, қорытындысын шығару;
 - қатысушылардың білімі мен өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылау және қажетті түзетулер енгізу;
 - жеңімпаздарды анықтау және жүлделі орындарды бөлу;
 - Қордың қашықтықтан жұмыс жасайтын президент кеңесшісіне олимпиаданың республикалық кезеңі бойынша жеке есеп беру.
9. Оқушылары осы олимпиадаға қатысатын мұғалімдер қазылар алқасының құрамына кірмейді.

IV. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

10. Олимпиадаға қазақ тілді (ұлты қазақ) және қазақ тілді емес (өзге ұлт өкілдері) 7–11-сынып оқушылары қатыса алады.
11. Олимпиада бес бағыт бойынша өткізіледі:
 1. «Бейнелеушілер» (қазақ әдебиетіндегі шығармаларды комикс жанрында салу);
 2. «Білгірлер бәйгесі» (халық ауыз әдебиеті үлгілері бойынша сайыс);
 3. «Жас қаламгер» (жазбаша шығармашылық жұмыс);
 4. «Сөз шеберлері» (шешендік өнер, көпшілік алдында белгілі бір тақырыпта сөз сөйлеу, белгілі бір ақынның өлеңін (поэзия) мәнерлеп оқу);
 5. «Әнші-бұлбұлдар» (кез келген музыкалық аспаптын сүйемелдеуімен дәстүрлі немесе эстрадалық жанрда жанды дауыста ән айту).
12. Олимпиада үш кезеңнен тұрады:
 - 1-кезең – аудандық - **2026 жылдың қаңтар** айында;
 - 2-кезең – облыстық - **2026 жылдың ақпан, наурыз** айларында;
 - 3-кезең – республикалық (финал) - **2026 жылдың 26-27 сәуір күндері** Астана қаласында өтеді.
13. Олимпиаданың облыстық кезеңін өткізу жауапкершілігі “Білім-инновация” лицейлеріне жүктеледі.
14. Олимпиаданың облыстық кезеңі “Білім-инновация” лицейлер базасында өтеді.

15. Олимпиадаға жалпыға бірдей мемлекеттік және жекеменшік мектептер қатыса алады.
16. Республикалық білім беру мекемелері орналасқан жеріндегі облыстық кезеңге аудандық кезеңнен іріктелген 10 оқушы (бір бағыт бойынша 1 оқушы) қатысады.
17. Бір оқушы бес байқаудың біреуіне ғана қатыса алады.
18. Республикалық кезеңге облыстық кезеңде абсолют 1-орын алған оқушылар ғана қатысады (бір бағыт бойынша 1 оқушы). Қажеттілік туындаған жағдайда Қор тарапынан ұйымдастыру комитетінің шешімімен республикалық кезеңге қосымша жолдама тағайындалады.
19. Олимпиаданың республикалық кезеңінде 1-орын алған қатысушы келесі жылы жеңімпаз атанған бағыт бойынша қатыса алмайды.
20. Олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысатын оқушыларды байқау өтетін қалаға жеткізу мен қатыстыру үшін әр өңірден жетекші тағайындалады.

Әрбір облыстан республикалық кезеңге ұсынылатын оқушы саны төмендегідей:

конкурс атауы	тобы	оқушы саны	барлығы
«Бейнелеушілер»	қазақ және өзге ұлт	әр топтан 1 оқушы	2 оқушы
«Білгірлер бәйгесі»	қазақ және өзге ұлт	әр топтан 1 оқушы	2 оқушы
«Жас қаламгер»	қазақ және өзге ұлт	әр топтан 1 оқушы	2 оқушы
«Сөз шеберлері»	қазақ және өзге ұлт	әр топтан 1 оқушы	2 оқушы
«Әнші-бұлбұлдар»	Дәстүрлі ән және эстрадалық ән	әр топтан 1 оқушы	2 оқушы

21. Олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңінің тапсырмалары Қор тарапынан дайындалады.
22. Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысушылар тізімін (**Қосымша 3**) Ұйымдастыру комитетіне қағаз (бекітілген) және электронды түрде тапсырудың соңғы күні – 2026 жылдың 02 наурызы. Тізім (**Қосымша 3**) zharqynbolashaq@bil.edu.kz электрондық поштасына жіберіледі, ресми бекітілген жетекші сілтеме арқылы республикалық кезеңге өткен оқушыларды тіркеуі тиіс.
23. Қатысушылар олимпиаданың республикалық кезеңі өтетін қалаға келу мерзімін олимпиаданың ашылуынан бұрын, ал қайту мерзімін (ақпарат қосымша беріледі) олимпиаданың жабылуынан кейінгі уақыттарға жоспарлауы қажет.
24. Қатысушылар олимпиаданың республикалық кезең өтетін қаланың ауа райына сай дайындықпен (киім, қажетті заттары және т.б.) баруы қажет.
25. Республикалық кезеңге келген қатысушылар өз жоспарларын жергілікті Ұйымдастыру комитетінің бағдарламалары мен жоспарларына сай құруы тиіс.

V. Қаржыландыру

26. Олимпиаданың республикалық кезеңінің іс-шараларын Қор және Қоғам қаржыландырады.
27. Олимпиада қатысушыларының жол шығындары жіберуші білім мекемелерінің немесе қатысушылардың жеке қаражат есебінен жүзеге асырылады.
28. Олимпиаданың республикалық кезеңіне өткен қатысушылар облыстық команда құрамында келеді. Команданы жетекші бастап келеді, жетекші саны екеуден аспауы тиіс.
29. Республикалық кезеңге келген қатысушылар мен жетекшілерді жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз ету шаралары, Қор және Қоғам тарапынан ұйымдастырылады.
30. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың мәдени демалысын ұйымдастыру, ынталандыру іс-шараларына қосымша қаражат қарастырады.
31. Олимпиада қатысушылары мен жетекшілерден басқа адамдар жатын орынмен және тамақпен қамтамасыз етілмейді.

VI. Олимпиаданың жұмысын қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

32. Олимпиадасының ашылуы және марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

33. Олимпиаданың әрбір бағыты бойынша жүлделі орын берілу жүйесі:

Облыстық кезең:

А) 5%-ына – 1-орын;

Ә) 10%-ына – 2-орын;

Б) 15%-ына – 3-орын беріледі.

Республикалық кезең:

Республикалық кезеңде жүлделі орын саны олимпиадаға қатысушылардың 50%-на беріледі:

А) 5%-ына – 1-орын;

Ә) 15%-ына – 2-орын;

Б) 30%-ына – 3-орын беріледі.

34. Олимпиаданың республикалық кезеңінің барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

35. Олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңінің жеңімпаздары I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталады. Жеңімпаз оқушылардың жетекшілеріне Алғыс хат беріледі.

36. Олимпиаданы өткізуге белсенді атсалысқан қазылар алқасы мен Ұйымдастыру комитетінің мүшелері Алғыс хаттармен марапатталады.

VII. Олимпиаданы әр бағыт бойынша өткізу және бағалау шарттары

«БЕЙНЕЛЕУШІЛЕР» бағыты

37. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың шығармашылық және сурет салу жарысы.

38. Мақсаты – қазақ әдебиетіндегі шығармаларды (ертегі, батырлар жырын) жаңа форматта жандандыру.

39. Шарты:

- қатысушылар комикс жанрында сурет сала білу керек;
- қазақ әдебиетіндегі шығармаларды жақсы меңгерген болуы тиіс.

40. Қатысушыға сурет салуға арналған А3 форматындағы 3 дана қағаз немесе сызуға\сурет салуға арналған альбом беріледі. Өзімен бірге қағаз әкелуге рұқсат етілмейді.

41. Қатысушы сурет салатын қаламдарын өзі әкеледі (түрлі түсті немесе тек түсті қаламдарды қолдана отырып салады). Акварель, сулы бояу, майлы бояу рұқсат етілмейді.

42. Суретті салуға берілетін уақыт мөлшері – 4 сағат.

43. Оқушыларға алдын ала оқып келу үшін 10 шығарма беріледі*. Олимпиада күні 10 шығарманың ішінен 3 шығарманың белгілі бір сюжеті тақырып ретінде беріледі. Оқушы тек біреуін таңдап, комикс үлгісінде сурет салады. Шығарма сюжеті толық ашылуы тиіс.

** Қазақ тобы мен өзге ұлт тобының тапсырмалары әр түрлі болады.*

Мазмұны	Бейнелілік			Жалпы
Жұмыстың нұсқа мазмұнына сай болуы	Комикстегі кадрлардың қайталанбауы (Мизансцена)	Кейіпкердің қазақы болмысқа сай болуы	Суреттің композициясы (симметриясы, динамикасы, кадрлардағы сурет пен кейіпкер сөздерінің орналасу ойынша ұйқастығы/үйлесімі)	
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	20 ұпай

«ЖАС ҚАЛАМГЕР» бағыты

44. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың шығармашылық қабілетін бағалау жарысы.

45. Мақсаты – жасөспірімдерді отансүйгіштік рухында тәрбиелеу, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттау, жазуға талапты балалардың қабілет-қарымын ұштау, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденіске жұмылдыру.

46. **Шарты:**

- Қатысушыларға олимпиада күні 3 тақырып беріледі, соның біреуін таңдап, жазба жұмысын орындайды*.

Жазба жұмысы:

- міндетті түрде сюжетті шығарма (әңгіме, новелла, т.б.) болу керек;
- тақырыпқа сай болу керек;
- жазба жұмысының құрылымдық жағы, мазмұны, сауаттылығы бағаланады;
- жазбаша жұмысқа берілетін уақыт – 180 минут.

- **жазба жұмысының тақырыптары:** қазақ тілі (әдебиеті, тарихы, мәдениеті), адамзаттық және ұлттық құндылықтар, әдептілік қағидалары, әлеуметтік, экологиялық мәселелер және т.б.

** Қазақ тобы мен өзге ұлт тобының тапсырмалары әр түрлі болады.*

Бағалау парағы

Туындының ерекше мазмұны/шығармашылдығы	Сюжет тұтастығы (композициялық құрылысы)	Сөз саптауы	Сауаттылық	Жалпы
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	20 ұпай

«БІЛГІРЛЕР БӘЙГЕСІ» бағыты

47. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін (эпостық\лиро-эпостық жырлар, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, т.б.) білу деңгейін бағалау сайысы.

48. Мақсаты – оқушылар арасында қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жандандыра отырып насихаттау.

49. Шарттары:

- жасырылған жұмбақтың жауабын табу, берілген тақырыпқа сай жұмбақ құрастыра алу;
- аңыз әңгіме, ертегі, жырларға қатысты сұрақтарға жауап беру.
- берілген мақалдың жалғасын таба алу, тақырыпқа сай мақал жазу, т.б.

«СӨЗ ШЕБЕРЛЕРІ» бағыты

50. Қазақ тілін – ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың сахнада сөз сөйлеп, шешендік қабілетін көрсететін сайыс.

51. Мақсаты – оқушыларды көпшілік алдында белгілі бір тақырыпқа қатысты өз ойын нақты, жүйелі жеткізуге машықтандыру. Шешендік өнерге, сахна мәдениетіне баулу.

52. Шарттары:

- Қатысушыларға қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасына сай 5 түрлі тақырып* беріледі. Қатысушы сол тақырыптардың біреуін таңдап, 30 минут дайындалады. Дайындық барысында телефон, кітап немесе басқа да дерек көздерін қолдануға болмайды. Дайындалып болған соң

көрермен алдына шығып, 3-5 минут көлемінде тақырыбын ауызша қорғайды және поэзия жанрында бір ақынның өлеңін жатқа мәнерлеп оқиды (тақырыбы: бейбітшілік, достық, туған жер, патриотизм).

- Сахнаға шығу реті жеребе арқылы анықталады.
- Әділқазылар тақырып бойынша қосымша сұрақтар қоюға құқылы.

Ұйымдастыру барысында ескерілуі керек мәселелер:

Оқушылардың дайындығына арналған уақыт мөлшері тең және әділ бөлінуі үшін алдын ала 3 аудитория дайындалу керек:

1-АУДИТОРИЯ - күту залы. Оқушылар дайындыққа бару үшін өз кезегін осы жерде күтеді. Тізім бойынша 5-7 оқушы таңдалып, дайындыққа арналған 2-аудиторияға барады. Аудитория бақылаушысы оқушылардың электронды құрылғыларын (телефон, планшет, смарт сағаттары) жинап алуы тиіс.

2-АУДИТОРИЯ - дайындық бөлмесі. Алғаш таңдалған 5-7 қатысушы 30 минут дайындалып болған соң, берілген тақырыпты қорғау үшін келесі 3-аудиторияға өтеді. Орнына 1-аудиториядан келесі 5-7 қатысушы келіп дайындалады. Дайындалу үшін оқушыларға А-4 қағаздары таратылады. Оқушыға өзімен бірге дәптер, кітап, телефон және т.б. заттарды әкелуге рұқсат етілмейді. Бар болса, аудитория бақылаушысы жинап алуы қажет.

3-АУДИТОРИЯ - қорғау бөлмесі. Қатысушылар кезекпен-кезек 3-5 минут көлемінде таңдаған тақырыптарын әділ қазылар алдында қорғайды. Қорғап болған соң, келесі топ оқушыға кезек беріледі.

Ескерту!

Тапсырмаларды уақытынан бұрын біліп қоймас үшін, дайындалып жатқан оқушылар мен қорғап болған оқушылар 1-аудиториядағы (күту залындағы) оқушылармен байланысқа түспеуі керек.

*** Қазақ тобы мен өзге ұлт тобының тапсырмалары әр түрлі болады.**

Бағалау парағы

Ойын анық және жүйелі жеткізуі, тіл байлығы, сөз	1) Дауысы мен дене іс-қимыл дарының үйлесімділігі 2)	Тақырыпқа сай сөйлеуі	Озық идея, ерекше ұсыныс,	Мәнерлеп оқу	Жалпы	Берілген уақыт шеңберінде сөйлесе, қосымша
--	--	-----------------------	---------------------------	--------------	-------	--

саптауы, шешенді к өнері	Сахнада өзін ұстау мәнері		креати вті ой			1 ұпай беріледі.
5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	25 ұп ай	

«ӘНШІ БҰЛБҰЛДАР» бағыты

53. Қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде меңгерген оқушылардың қазақ тілінде ән айтып, өзіндік қабілетін көрсету сайысы.

54. Мақсаты – қазақ халық әндері мен қазақ сазгерлерінің шығармаларын насихаттау және қазақ тілі жанашырларын, жас буын өкілдерінің арасынан тілді терең меңгергендігін анықтау, оларды таныту.

56. Шарттары:

- әнші-бұлбұлдар байқауына арналған тақырыптар: қазақ тілі, туған жер, тарих, ұлттық құндылықтар және халық әндері;
- қатысушылар қазақ әндерінің қалпын бұзбай, нақышына келтіріп орындай алуы керек.
- ән мен саздың, қимылдың үйлесімділігіне, әнді көрерменге жеткізе білуіне және сахнадағы өзін-өзі ұстау мәнеріне назар аударылады.
- әнді орындаушы қазақ ұлттық киімімен шығуы тиіс.
- қатысушы конкурстық әндер орындауы керек, той әндері, лирикалық әндер, термелер қабылданбайды.
- домбыра, қобыз т.б., ұлттық аспаптармен ән орындауға рұқсат етіледі.

«Әнші-бұлбұлдар» байқауы бойынша бағалау ұпайлары:

Әннің сөзін анық және тіл табиғатын сақтап жеткізу.	1) Ән мен саздың және қимылдың үйлесімділігі; 2) Сахнада өзін ұстау мәнері.	1) вокал; 2) әуені; 3) киімі.	Жалпы
---	--	-------------------------------------	-------

5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	15 ұпай
--------	--------	--------	---------

Қосымша 3

“Жарқын болашақ” қазақ тілі олимпиадасының республикалық кезеңіне өтінім үлгісі

Облыс/	Қатысушының аты-жөні	ЖСН	Тобы (қазақ/өзге ұлт. “Әнші бұлбұлдар” байқауында Дәстүрлі/эстрадалық)	Қатысатын байқау атауы	Қаласы/Ауданы, Мектебі (құжат бойынша толық атауы)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні, байланыс телефоны бойынша толық аты-жөні)	Топ жетекшісінің аты-жөні, лауазымы, байланыс телефоны. (құжат бойынша толық аты-жөні)
Ақтөбе	Ахметов Бауржан Амантайұлы		Қазақ тобы	Бейнелеушілер”	Шалқар қаласы, №1 орта мектебі	үлгі	үлгі